**Хаттама №10**

**11.09.2024** **Атырау қаласы**

**Қатысқандар:**

**У.Б.Актананова - №5 Ғ.Мүсірепов атындағы мектеп директоры**

**Н.Есмагамбетова- мектеп директорының бастауыш оқу-ісі жөніндегі орынбасары**

**А.Идеятова - әлеуметтік педагог**

**Т.Байрамова – ата-аналар комитеті төрайымы**

**С.Алдашева – мектеп медбикесі**

**Күн тәртібінде:**

**1**. Ыссы тамақтың берілуі

**2.**Санитарлық – эпидемологиялық талаптардың сақталуы.

**Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңесінің отырысын ашып, кеңестің күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды. Қатысушыларға бірінші асхананың жәй күйін аралап келуді ұсынып, мектеп басшысы У.Б.Актананова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Танжарикова, әлеуметтік педагог А.Идеятова және кеңес мүшелері болып арнайы ақ халат және бас киім кию арқылы асхананы тексеріп шықты.Ұсынылған тексерістен соң жиналысты одан әрі жалғастырып мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогіне сөз ұсынды.

**А.Идеятова - әлеуметтік педагог:**

Мектеп бойынша бір мезгіл берілетін ыстық тамақты 1-4 сынып 312 оқушы, 5-9 сынып аралығында 28 оқушы тамақтанады. Бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы ретінде ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысына байланысты мектеп бойынша тамақ ішуге өтініш қалдырып, құжаттар жинақтаған ата-аналардың құжаттарын осы қамқоршылық кеңесі арқылы жүйелеп, яғни категориялар бойынша нақты шешім шығаруларыңыз керек. 5-9 сыныптар арасындағы 28 оқушының үзіліс кезінде асханаға келіп тамақтануы сынып жетекшілеріне міндеттелген, үлкен үзіліс болған кезде жібереді. Ол оқушылар түгел сабақ арасында келіп тамақтарын ішіп кетеді.

**Сөйлеушілер:**

1. **Ата-аналар комитеті төрайымы – Т.Байрамова**

Ата-аналар комитеті төрайымы Т.Байрамова : Асханада жүргізілген мониторинг те ыссы тамақ ас мәзіріне сай беріліп жатыр. Оқушылар тамақты өз қалауы ойынша жейді. Асхана таза,жарық ешқандай кемшілік байқалмады. Асхана мәселесі бойынша да балалар үшін дайындалған тағамдардың ас мәзірінде берілген нормаға сәйкестігі, калориясы, жалпы тамақтың сапасы жөніндеде кеңес мүшелері болып жеке кәсіпкер Ип Жаңағүл келісімі арқылы қарап тексеріп шыққандарын айтты.

Екінші мәселе бойынша асхананың жәй күйіне тоқталсақ ас сақтайтын орындар, тоңазытқыштың жағдайларын қарап шықтық. Тамақтардың атап айтқанда (көкөністер, ет, жұмыртқа, секер,ұн, макарондар,май т,б) сақталуын сапасын қарадық. Сонымен қатар кондитерлік тағамдардың (тәтті тоқаш,бәліш) дәмін, сапасын қарадық. Қамқоршылық кеңес қаулы етеді.

1. ҚР Үкіметінің 2008 жылға 25 қаңтардағы №64 қаулысына байланысты тамаққа арыз беруші ата-аналардың құжаттары жинақты және заңдылыққа сай деп табылсын.
2. Мектеп асханасының ас мәзіріне сәйкес оқушыларға ыстық тамақ кестеге сай берілсін.

**Ата-аналар комитеті төрайымы** Бай **А.Баженов**

**Әлеуметтік педагог** Идея **А.Идеятова**